

2024 жылдың екінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 91 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылдың екінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осықаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
2024 жылғы 25 сәуірдегі
№ 91 қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің
2024 жылғы 25 сәуірдегі
№ 91 қаулысымен бекітілген

2024 жылдың екінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№ п/п	Тауаратауы	Бағасы, теңге
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	288
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	279
3	Рожки (өлшеніпсалынатын), килограмм	543

4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	558
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді , өлшеніп салынатын), килограмм	771
6	Картоп, килограмм	212
7	Асханалық сәбіз, килограмм	229
8	Басты пияз, килограмм	168
9	Аққауданды қырыққабат, килограмм	240
10	Аққант - құмшекер, килограмм	584
11	Күнбағыс майы, литр	883
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3085
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1546
14	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	5141
15	Тауық жұмыртқасы (I санатты), ондық	705
16	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	104
17	Сүзбе: майлылығы 5 – 9%, килограмм	1948